



Примашев Нұрзада Маханбетұлы,
ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының
бастығы – бас сарапшы, заң ғылымдарының кандидаты

АДАМ ЕСІМІН ҚҰҚЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ РЕСІМДЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ

Бүкіләлемдік үрдіс ретінде жылдан жылға адам құқықтарын қорғау тетігі күрделеніп келеді. Ұлттық деңгейде бұзылған адам құқықтары халықаралық деңгейлерде қорғалуда. Сонымен қатар, адам құқықтарының саны көбейіп, сапасы да артып келеді. Мысалы, олардың қатарына «Интернетке құқық» пен «таза ауыз суға құқық» қосылды. Классикалық болып есептелетін құқықтар қатарына енген «жақсы басқарылу құқығы» әзірге Еуропада ғана мойындалады¹. Мұндай құқықтардың шегі адамзат мекен ететін ортаның тарылуына, адамға қажетті ресурстардың азаюына және т.с.с. жаһандық факторларға байланысты ұлғая түсетіні сөзсіз.

Осындай құқықтардың ішінде жеке құқық түрі болып есептелмесе де, белгілі құқықтық салдары мол құбылыс пен тәжірибе бар. Ол – адамдардың аты-жөні, не оларға деген адам құқығы. Есім алу құқығы жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар қатарына жатады және азаматтық құқық объектілерінің бірі болып табылады. Оған қатысты қоғамдық қатынастар негізінен арнайы заңнама нормаларымен реттеледі.

Адам әлеуметтік тұлға болған соң міндетті түрде оның жеке сәйкестендіру деректері болады. Адам баласы туылған сәттен бастап оның жақын туыстары, ата-анасы, кем дегенде анасы ат қояды². Осындай жағдайларда берілген есімдер мемлекеттік органдарда міндетті түрде ресімделіп, заңды қолданылып, ол адам өмірден өтсе де қала береді. Қажетті жағдайларда

тиісінше қорғалады. Сондықтан олардың адам өмірінде алатын рөлі үлкен. Есімсіз адам болмайды. Олар мейлінше дәл және формальды дұрыс ресімделуі қажет. Бір әріптік қатенің кемі бір адамзаттық салдары болады деп тұжырымдау да артық емес. Сондықтан адам есімдерінің адам құқықтарының категориясы ретіндегі мәселелері мақаланың объектісі болуы тегіннен-тегін емес.

Қазақстан Республикасының қос тілді мемлекеттілігі жағдайында адам аттары мәселелері үлкен болып отыр. Ресми құжаттардың бәрін орыс тілінде ресімдеу салдарынан, әсіресе, ұлты қазақ азаматтар зардап шегіп келеді. Өз жерінде, өз елінде өз есімдерін ресімдеу рәсімі өзге тілде жүргізу де мемлекеттіліктің бір теріс қыры болар.

Жалпы адам аттары мәселелері барлық мемлекеттерде де кездесіп жатады, бірақ олардың табиғаты, себебі мен салдары өзгеше болар. Мысалы, Ресейде әлі күнге дейін орыс тіліндегі Королев, Алешин, Федоров, Кушнарєв және т.с.с. фамилиялар «ё» әрпіне бола толық шешімін тапқан жоқ. Онда осы әріпті қолдану не қолданбау үлкен құқықтық мәселеге айналып отыр³.

Адам аттарын ресімдеу ат беруден басталатыны белгілі. Осы істе орын алып отырған кемшіліктер, бірінші кезекте тілдіктер, өткен кезеңмен байланысты. Сондықтан оларды Қазақстан Республикасының кеңестік дәуірінен іздейміз. Ол кездің мұндай саясаты мен тәжірибесі, тек қазақ есімдерінен ғана емес, онда мекендеген бүкіл ұлттар есімдерінен де байқалады. Мысалы адам аттарында

¹ Түрлі себептерге байланысты мойындала бермейтін құқықтардың да бар екенін көрсету артық болмас. Мысалы, Қазақстан Республикасында адамның соматикалық құқықтары жайлы не теориялық ұстанымдар мен көзқарастар, не тәжірибелік еңбектер жоқ.

² Тарихи дамуына орай, ондай аттар мекен еткен жеріне не географиясына, әдет-ғұрпына, дініне, діліне, тұрмысына және т.с.с. факторларға қарай беріледі. Адамға ат беруді немесе адам аттарын зерттейтін ғылымды антропонимика (грек. – адам және есім) деп атайды. Соңғы кездері Ресейде бұл ғылым «именология» деп те аталып жүр.

³ Бір адамның құжаттары біресе е, біресе ё арқылы ресімделгендіктен, сот органдарымен қоса бұл мәселемен ғылыми-зерттеу мекемелері - Орыс тілі институттары да айналысатын көрінеді. Жоғарыда келтірілген фамилиялы Қазақстан Республикасының азаматтары да жеткілікті.

орыс тіліндегілердің өз ерекшеліктері де жеткілікті болды. Кеңес заманында Владлен, Велиор, Октябри-на, Ким, Домна, Урюркос, Олимпиада сияқты 1917 жылғы қазан революциясы мен оның көсемдеріне, кеңестік мемлекеттің маңызды оқиғаларына және т.с.с. тығыз байланысты адам есімдері болған. Орыстардан ешқашан қалыспаған қазақтар да Советбек, Панаркүл, Колхозбай, Совхозбек, Рево, Люция, Каналбек, Посевной және т.с.с. аттарды шұбыртып қоя берген. Араларында Фестиваль, Партизан дегендер де болды. Өткен ғасырдың 80-90 жылдары оларға Изаура да келіп қосылды.

Бұл құбылыс тәуелсіз мемлекет тәжірибесінде қазір екі тілді қолданушыларда да жалғасуда. 90-шы жылдарда басым болған аттардың орнына қазір Диас, Диар, Адис сияқты, ал қыздарға қазақта жоқ Аделя, Азида, Акида, Аруана, Гүміш сияқты есімдер беріліп жатыр. Ал Адеми, Адэль, Адыль, Анара сияқты қателі есімдердің пайда болуына қоғам мен мемлекет кінәлі деп білемін. Өкінішке орай, мұндай мысалдарды нақты сипаттауға немесе лексика-морфологиялық талдау жасауға ғылыми-ресми тілдің лексикасы жетіспейді.

Адам құқығы болып табылатын есімдерді ресімдеуге еріккендікпен қарайтындар өзге мемлекеттерде де бар екен. Мысалы, ғаламторда орыс тілді Ресей азаматтарына Россия, Дельфин, Луна, Север, Принц, Князь, Махмудахматдинежад⁴ және т.с.с. есімдер берілгені туралы ақпараттар жеткілікті. Олардың шарықтау шегі баланың толық аты-жөнінің Майкл Евгеньевич Шаленко-Джексон⁵ болғаны шығар.

Кеңес Одағы кезінде орыс тілінде іс жүргізу саясаты ол тілде сөйлейтін ұлттан басқасының барлықтарына кері әсерін тигізгені рас. Бұл саясат әсіресе азаматтардың аты-жөндерін ресімдеу ісінде орын алды. Үш элементті орыстық аты-жөн барлық азаматтарға таңылды⁶. Онымен қоса жергілікті халықтың аты-жөндерін орыс тіліне транскрипциялау арқылы ресімдеуде жіберілген қателерде де шек жоқ.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап адамның аты-жөнінің орыстық үлгісінен бас тарту тәуелсіз мемлекеттерде өзінше жүргізіле бастады. Сондықтан аты-жөн мәселелері бойынша, жалпы кеңестік республикалардан кезінде оқ бойы озық тұрған Прибалтика елдерінен⁷ басқасының бәрінде, әсіресе Орта Азия мен Әзірбайжанда, кең орын алып, өзекті болып

отыр. Латын әрпіне көшкен Өзбекстан да ескі тәжірибеден арыла қойған жоқ. Ал Әзірбайжанда 70 пайыздан астам азаматтар -ов, -ев деген фамилиялармен жүр екен⁸.

Адам аттарын қазақ тіліне сай дұрыс ресімдеу орыстану процесіне қатты ұшыраған Қазақстан Республикасы үшін де маңызды. Кеңестік дәуірде азаматтық хал актілерін жазу органдарында көбіне орыс тілділер жұмыс жасады. Біреулер біліп жасаған, біреулер білмей жасаған қателердің, шын мәнінде, құжаттары қате ресімделген адамдардың құқықтарын бұзылғандығын бәрі біле бермейді. Жергілікті халықтың аттарын бұрмалап ресімдеуде мемлекеттік саясаттың да белгілі бір астары болғаны белгілі.

Қазақстан Республикасы адам құқықтарын құраушы, адамның құқықтық тағдырын айқындаушы салада бірізділікті ендіре алмай келеді. Кезінде бұл процестің құқықтық негіздері де жасалды. Мысалы, оған «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 ақпандағы № 2923 Жарлығын, «Неке және отбасы туралы» 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы № 620 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы ережені, азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін куәліктердің нысандарын және Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережелерді» және т.б. нормативтік құқықтық актілерді келтіруге болады. Бірақ, олардың бір кемшілігі байырғы халық үшін үш элементтік орыстық аты-жөнді бекітуінде. Осы нұсқаның өзінде де қазақ ұлтына сай келмейтін жағы бар. Мысалы, бізде әмбебап ретінде орысшадағы «отчество» дегенге сәйкес балама ретінде қолданылатын «әкесінің аты» деген ұғым бар. Бірақ олар тең емес. Ұлты қазақ азаматтарға ұлы дегенді қосып жазғанның өзінде қателік бар. Мысалы, менің әкемнің аты Маханбет, сондықтан оны тиісті жолда «Маханбетұлы» деген мүлдем дұрыс емес. Сол сияқты нормативтік құқықтық актілерде кездесетін «әкесінің атын

⁴ Бұл азаматтың ата-анасы Иран Ислам Республикасының Президенті Махмуд Ахмадинежадты пір тұтса керек.

⁵ Бұл азамат атақты әнші Майкл Джексон қайтыс болған күні туылыпты.

⁶ Осындай саясаттың арқасында қазақ тілінің табиғатында жоқ ұғым «азаматша» пайда болды.

⁷ Мысалы, Латвияда орыстардың фамилияларына латыштарға тиесілі үрдіс бойынша -ovs, -evs, -ins сияқты суффикстер жалғанады екен. Ол жерде тұрғылықты тұратын орыс ұлтты Латвия азаматтарының төлқұжаттары латыш тілінде, яғни Иванов, Петров және Сидоровтар тиісінше Ivanovs, Petrovs, Sidorovs нұсқасында ресімделеді. Олай ресімдеуге ренжігендер болған шығар, бірақ наразылық білдіріп кетіп жатқандар байқалмайтын сияқты.

⁸ Лайсан Л. Новые «азербайджанцы» со «старыми» фамилиями // www.1news.az.17.11.2011.

өзгерту» деген тіркесте сауатсыздық белгісі деп білемін. Бала әкесінің атын еш уақытта да өзгерте алмайды. Бұл жерде мәселе атта емес, басқа әке екендігінде екенін бәрі де түсінеді, бірақ еш амал қолданбайды не бастамайды.

Мамандардың деректері бойынша қазақтардың аты-жөндерін ресімдеудің 16 нұсқасы бар екен. Әр нұсқаның басын бір ұстап оларды көбейте бергенше біреуіне ғана тоқталатын уақыт жетті. Мемлекеттік тіл саласындағы саясаттың, халықты тіркеудің бірізділігін қамтамасыз ету үшін қазақ ұлтты азаматтардың аты-жөндерінің байырғы толық нұсқасы -ұлы, -қызы деген жалғаулар арқылы ресімдеген дұрыс. Сонда бірізділікпен қатар, қазақтардың аты-жөндерінің олардың әдет-ғұрпына, әдебіне сыйыспайтын нұсқалары да жойылатын болады⁹. Туған жерлерінің «туын» ұстап «Тарази», руынан айырыла алмаған, пәленшенің түгеншесі, тегі, әулеті және т.с.с. деп он бес нұсқамен жүрген азаматтарды бірауыздылыққа келтіріп, бір ғана жолмен ресімдеу тек мемлекеттің ғана қолынан келеді. Олай етпесек он бес нұсқаның қырық бес болып кетпейтініне ешкім кепілдік бере алмайды.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасында адам аттарын ресімдеу талаптарында бірізділік болмай отыр. Бұл істе өз аты-жөнімізді дұрыс ресімдей алмай, «қызыл шеке болып, ырылда-сып жатқанымыз» көршілерге ыңғайлы. Ал өзге ұлттардың құжаттарында мін жоқ сияқты (кейде сауатсыз шенеунік жіберетін грамматикалық қателер болмаса), оларды басқаша да ресімдеу мүмкін емес. Олардың заңдылықтарыда қатаң сақталады. Қазақ тілінің ыңғайына да салуға құқық жоқ, олай етуге ой мен мүмкіндік те жоқ. Сондықтан, мысалы, Червоноселецкий Вячеслав Федорович¹⁰ деген толық аты-жөнді қазақ тіліне сай «Шербоноселетский Биашеслаб Педоробиш» деп ресімдеген жағдайда, құқықтық арыз-талаптардың немесе өзге салдардың пайда болуы сөзсіз. Бірақ тәуелсіздіктің жиырма жылында ондай оқиға болмаған шығар. Яғни, байырғы халықтардан басқа орыс және орыс тілді азаматтардың аты-жөндерін ресімдеуде еш қателіктер жіберілмейді. Ал қазақтардың және түркі тілдес өзге ұлттардың аты-жөндері бұрмаланған күйі қалуда. Мысалы, Тлеоф Рамазан Батърханович¹¹ деген азаматтың өз есіміне деген құқықтарының бұзылғандығы ешкімді

ойландырмайды. Тлеоф Асель деген тегі де, аты да қате ресімделген қарындасымызды қайтеміз? Сол сияқты Авданбаев, Ещанов, Илеува, Ищанова, Колхозова, Тлеува, Тлекжвнова деген тектер ресімдеуі қиындықтың емес, сауатсыздықтан бұрмаланғандардың үлгісі болар.

Әрине жіберілген қателер заң бойынша өмірбақилық емес. Бірақ оларды сот арқылы түзету күрделі. Әрі уақыт та тапшы. Бұл саладағы уәкілетті органның да оларды түзетуге мүдделі еместігі де бар¹². Сондықтан қате ресімдер тәжірибесі одан әрі жалғасуда. Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген азаматтардың аты-жөнін ресімдеуде де сансыз қателіктер жіберіліп жатыр. Мысал ретінде алынған 2010 және 2011 жылдардағы мемлекеттік білім гранты иегерлерінің тізімінде қазақ есімдерін қате ресімдеудің сан түрлі нұсқалары кездеседі. Олардың көпшілігі «қазіргі заманғы» есімдерде жіберілген. Мысалы, «Айнұр» деген қысқа, ықшам, жеңіл есім осы нұсқасында - 205/131, «Айнұра» - 1, «Айнур» - 96/161, «Айнұра» - 32/47, «Айнұр» - 1 адамда бар екен, яғни бес әріпті есім бес нұсқалы болып отыр. Бұл шек емес! Еш қиындығы жоқ «Әсел» деген есім алты нұсқада ресімделеді екен. Көрсетілген тізімде оның «Әсел» деген дұрыс нұсқасы - 133/173, «Асел» - 186/19, «Аселя» - 3/4, «Асель» - 159/151, «Әсель» - 1/10, «Әселя» - 1 рет кездеседі. Былтырғы жылғы тізімде 632 «Гуль» деген түбірлі есімдер де бар. Мұндай жалғаулы қате есімдерді санау да мүмкін емес. Қазақ есімінің мұндай бұрмаланған көпнұсқалыларына Мөлдір, Іңкәр, Гүлнәр сияқты есімдерді жатқызуға болады. Келтірілген мысалдардағы қателіктер олар тек қыздардың есімдерінен кетеді деген жаңсақ ой туғызбауы қажет. Ұлдардың есімдерінде де қателіктер жеткілікті. Мысалы, «Әбілқайыр» деген аттың «Әбілхайыр», «Абилкаир», «Абилхайир», «Абилхайр», «Абильхайр» сияқты нұсқалары кездеседі. Бұл бір-екі есімдердің бір ғана шектелген деректегі мысалдары. Ал бүкіл Республика бойынша қате ресімдеулерден мысал келтірмек түгілі, елестетудің өзі қиын.

Осы мақаланы дайындау күні ғаламторда жарияланған бір ақпарат осы саладағы тағы да бір үлкен мәселенің жатқанын көрсетті. Ол шет елдерден елге оралып жатқан азаматтарды («оралман» деген ұғымның өзі қате) тіркеуде жіберіліп жатқан қателіктерге қатысты

⁹ Мысалы, отбасы әдеп-ғұрпына сай шартты түрдегі «Бақыткеліні Айдын» есімді азаматтың атасының атын айтуға құқығы жоқ. Осы негізінде қазір қолданыстағы нұсқаға салып «Бақыт Айдын» десек ата есімі мәселесі тағы шығып тұрады. Және де мұндай адамның аты-жөнінен есімінің қайсы екені белгісіз болады. Сонымен қатар, мұндай есімдердің ұлға да, қызға да берілетіндігінен олардың ұл не қыз адам екенін ажырату мүмкін емес.

¹⁰ Ойdan шығарылған, шынында ондай фамилияның болып қалуы да ғажап емес.

¹¹ Нақты адам. Бұл азаматтан алдын ала кешірім сұраймын. Бірақ оның аты-жөнін ресімдеудің өрескел қателерін көрсету үшін алғаным ағаттық болмас.

¹² Жақында төлқұжатымды ауыстырғанда «Маханбетович» дегенді «Маханбетұлы» деп ресімдеу туралы өтінішім орындалмады. Сотқа жүгінуге көп уақыт керек.

болды. Олардың жеке басын куәландыратын құжаттары біздің құжаттарға дәл келмейтіні ескерілуі керек екені белгілі. Жеке куәлігінде тек қана «тегі» деген жолда «Хадиташ» деп көрсетілген замандасымыздың құжаты дұрыс ресімделмегенін көрсетеді. Әу баста ол азаматты қабылдап, құжатын дұрыс ресімдеген шенеуніктің кесірі, құқықтық салдары енді шығып жатыр. Жеті жыл шырғалаңға түсіп жүрген азаматтың (жоғарыда көрсеткенімдей, құжаттарда кең қолданылатын «азаматша» деген ұғым қазақ тілінде жоқ!) Хадиташ деген, мүмкін, есімі болар (тек қана есімнен тұратын аты-жөнді азаматтар БАҚ беттерінде, әсіресе шетелдік, ұлты қазақ азаматтарға білім гранттарын бөлу туралы ақпараттарда кездеседі), ең болмағанда, әкесінің атын жазуға болар еді (виртуалды емес, белгілі бір әкеден туған шығар!). Бұл мысал жоғарыда келтірген ұсыныспен дөп түсіп тұр.

Жоғарыда келтірілген мысалдар Қазақстан Республикасында адамдардың аты-жөндерін,

әсіресе жергілікті ұлттың, ресімдеуде үлкен қателіктер жіберіліп жатқанын көрсетеді. Ал бұл жайт олардың жеке құқықтарының бұзылып жатқанын көрсетеді. Мұндай құқық бұзушылықты жою үшін бірқатар шаралар қолға алынуы қажет. Менің ойымша, оларға біріншіден, азаматтық хал актілерін тіркеу орындарына екі тілде сауатты адамдарды қызметке алу; екіншіден, құжат алушыларға адам есімдерін ресімдеуде қазақ тілінің грамматикасына сай болуын түсіндіру және мемлекеттік бірізділікті талап ету; үшіншіден, кеткен қателерді түзетудің жеңілдетілген тетігін қалыптастыру керек.

Осындай жазылуы оңай үш шараның тәжірибеге ендірілуі қиынның қиыны. Тек ол үшін ғана жеке саясат жүргізу мүмкін емес. Сондықтан бұл іс те мемлекеттік тілге ұлтжандылықпен, кешенді қарауды талап етеді. Олай етпесек бұл да ұранды іс болып қала береді. Қазақ тілінің тағдырын мемлекеттік деңгейде қарастырмаудың салдары өте жойқын болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

1. Неке және отбасы туралы: Қазақстан Республикасының Заңы // «Заң» ДҚ. (21.11.2011).
2. Оралман мәртебесін беру ережесі: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 15 қарашадағы № 476 бұйрығымен бекітілген // «Заң» ДҚ. (21.11.2011).
3. Білім гранты иегерлерінің тізімі // www.uchi.kz. (21.11.2011).
4. Жительнице Шымкента выдали удостоверение личности без имени и отчества // www.today.kz. (22.11.2011).



Автордың ойынша қазақ есімдерін дұрыс ресімдемеу адам құқықтарын бұзу болып табылады. Мемлекет пен қоғамға қазақ есімдерін дұрыс ресімдеуді біріздендіру бойынша шаралар қабылдау қажет.

По мнению автора неправильное оформление казахских имён является нарушением прав человека. Государству и обществу следует принять меры по унификации правописания казахских имен.

According to the autor incorrect execution of kazakh names is a violation of human rights. State and society should take measures about unification of spelling of Kazakh names.

Түйін сөздер: адам құқықтары, қазақ аттары, дұрыс ресімдеу.

Ключевые слова: права человека, имена казахов, правильное оформление.

Keywords: human rights, kazakh names, correct execution.